

K 63;3

K 45



ЧЫЗЫЛ  
КЫРГЫЗСТАН  
КУРБАНЫ



Еліміз егемендік алғаннан кейін тарихымыздың ақтаңдақ беттерін түгендеп, жоғымызды тауып, қалпына келтіріп жатқанымыз - құптарлық, қуантарлық үрдіс.

Осы орайда, кезінде жер-жерде үлттық газеттерге басшылық жасап, жергілікті жерде үлттық мәдениет өкілдерін, журналист кадрларын даярлауда зор еңбек сінірген жазушылар да бар. Солардың бірі – 1931 жылы Риддерде осы өңірдегі ең алгаушы қазақ баспасөзі “Жұмысшы” газетін шыгарып, оған жеті жыл басшылық жасаган журналист, жазушы Мақсұт Тайшыбаев. Өкінішке орай, ол 1938 жылы 33 жасында қазақтың белгілі қаламгер-қайраткерлері С.Сейфуллин, Б.Майлін, І.Жансүгіровтермен қатар, «халық жауы» деген айыппен атылып кетті.

Мақсұт Тайшыбаев негізін салған “Жұмысшы” газеті кейінірек “Социалистік Алтай”, “Алтай большевигі”, “Коммунизм туы” болып, қазір “Дидар” деген атпен Шығыс Қазақстан облыстық газеті болып шығып келеді.

Құрметті оқырман! Былғы жылы туганына 100 жыл толып отырған журналист-жазушы Мақсұт Тайшыбаевтың өмірі мен еңбек жсолына арналған қолдарыныздагы кітапшаны бір кездегі тарихтың өділетсіз шешімін қалпына келтіру, ел алдындағы, Қазақстан тарихы алдындағы перзенттік парызымыздың аз да болса өтеуі деп қабылдауларынызды өтінеміз.

Усть-Каменогорская ЦБС  
Юношеская библиотека  
АСНІМ НТ

Усть-Каменогорская  
ЦБС

61185-4

## АВТОРДАН

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен өніріндегі қазақ тіліндегі жалғыз басылым, енді екі жылдан соң 75 жылдығын атап өткелі отырған облыстық «Дидар» газеті 1931 жылы Риддер қаласында шыққан «Жұмысшы» газетінің бүгінгі мұрагері.

1939 жылы Өскемен қаласының облыс орталығы болуына байланысты «Жұмысшы» газетінің редакциясы Өскеменге көшірілді. Газет КК(б)П ОК үйымдастыру бюросы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Шығыс Қазақстан облысы бойынша үйымдастыру комитетінің органына айналып, 1939 жылдың соңынан бастап «Социалистік Алтай» деген атпен шыға бастады.

1941 жылдың наурыз айынан газет орысша шығатын «Большевик Алтая» газетінің аудармасы ретінде шықты. Редакция аппаратында үш аудармашы, редактордың қазақша басылым бойынша орынбасары, машинисткалар, корректорлар және шығарушы қалдырылып, басқа қызметкерлері қысқартылып қалды.

1943 жылы аударма емес, «Алтай большевигі» деген атпен дербес шығарыла бастаған облыстық қазақ газеті Ұлы Отан соғысы кезеңдерінде облыс партия үйымына жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның қалың бұқарасын неміс-фашист басқыншыларына қарсы құреске жұмылдыруда белсене көмектесті. Газет беттерінде шығысқазақстандық майдангерлердің хаттары үзбей жарияланып тұрды.

1953 жылғы наурыздан газет «Коммунизм туы» деп жаңаша атала бастады. Ұзақ жылдар бойы газет облыстық партия үйымының еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісінде, оларды шаруашылық және мәдени-құрылым жоспарларын ойдағыдай орындауына жұмылдыруда жауынгер көмекшісі бола білді.

1981 жылғы 9-қыркүйекте СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен газет Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Тарихын тереңнен алатын бұл басылым 1990 жылғы қарашадан бері «Дидар» деген жаңа атпен шығып келеді.

Мен автор ретінде қажетті материалдар жинақтауда көмек жасаған Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының қызметкери Сәуле Қинаятқызы Иқсановаға, облыстық ұлттық қауіпсіздік департаментінің басшыларына, Максұт Тайшыбаевтың қыздары Роза Максұтқызы Сужикова мен Раиса Максұтқызы Тайшыбаеваға алғыс айтамын.

Сонау сұрапыл жылдарда Кеңді Алтайдағы қазақ жұмысшылары қауымының бірегей сүйікті басылымына айналған «Жұмысшы» газетінің алғашқы редакторы, көзі ашық, көкірегі ояу, өз ұлттының өзге ұлттан терезесі тен тұруы үшін рухани майданда жан аямай құрескен талантты жазушы, шебер журналист, іскер басшы, өкінішке орай, құғын-сүргін құрбаны болып кеткен халқымыздың аяулы ұлы Мақсұт Тайшыбаев өмірінің қын бір кезеңін көрсетуге арналған осы кітапшаның жарыққа шығуына демеушілік жасаған Мақсұт Тайшыбаевтың немересі, философия ғылымдарының кандидаты Балжан Маратқызы Сужиковаға, орыс тіліне аударып, алғысөз жазған Шығыс Қазақстан облыстық «Рудный Алтай» газетінің тілшісі, журналист Шәкерхан Әзмұхамбетовке ризалығымды білдіремін.

## ҚЫЗЫЛ ҚЫРҒЫННЫҢ ҚҰРБАНЫ

1929 жылғы сәуір айында өткен Бұқілодақтық партия конференциясы СССР халық шаруашылығын дамытудың бірінші бесжылдық жоспарын (1928-32) қабылдады. Онда еліміздегі қорғасын мен басқа металдар өндірудің ең басты көзі болып саналатын Риддер қаласына да үлкен маңыз берілді. Риддер кен-металлургия комбинаты алғашқы жылы-ақ өзінің өндірістік бағдарламасын төрт есе өсіруге тиіс болды. Мұндай ауқымды міндеттерді орындашыну үшін комбинат кәсіпорындарында социалистік жарыстар кеңінен өріс алды. Бесжылдықтың алғашқы жылдарында-ақ өндірістік нормаларын 140-160 пайызға орындаушы 10 бригада өмірге келді.

Тек үш жылда ғана мемлекет комбинаттың дамуына 30 миллион рубльге жуық қаржы бөліп, Григорьевка шахтасында жаңа өндірістік буындар іске қосылды. Быструха су-электр станциясы кеңейтіліп, сол кездегі ірі құрылыштың бірі Ульба ГЭС-і салына бастады, жаңа байыту фабрикасы іске қосылып, қорғасын заводы кеңейтілді, нан заводы, асхана, монша, жұзге жуық тұрғын үй басқа да бірқатар мәдени-тұрмыстық, өндірістік нысандар іске қосылды. Бірнеше забойларға электр жарығы тартылды, ауыр қол жұмысын өлдекайда жеңілдеткен пневмо бұрғылау тәсілі өндіріске енгізілді.

Риддер жұмысшыларын кен-металлургия өндірісін дамытуға, қорғасын балқыту мен сирек те бағалы металдар алуға, екпінділер қозғалысын кеңейтіп, өнертапқыштар мен жаңашылдар жұмысын, еңбектің озық тәсілдерін насиҳаттауда 1929 жылғы 1-маусымнан бастап жарық көре бастаған қалалық орыс газетінің рөлі ерекше үлкен болды. Оның алғашқы отыз номері «Горняк в соревновании» деген атпен, одан соң «Риддерский рабочий» болып шыға бастады. («Рудный Алтай». Құжаттар мен материалдар жинағы, 1-т. 80-81 б.) 1930 жылғы 5-наурызда облыстық «Прииртышская правда» былай деп жазды: «Корғасын заводы жұмысшылары арасында өріс алған социалистік жарыс заводты екпінді деп жариялауға мүмкіндік берді. Заводта 227 адам (заводта жұмыс істейтіндердің жалпы саны 248 адам) сол кезде жарысқа қосылған. Қорғасыншылар жұмыс қарқындарын бұрын-сонды болмаған қарқынмен дамытуда...»

Бірінші бесжылдықтың алғашқы үш жылында Риддер қорғасын-металлургия комбинатында кен өндіру 3, 4 есе, ал қорғасын балқыту еki еседен артық өсті. Мұндай еңбек өрлеуімен қоса Кенді Алтай жұмысшы табын қалыптастыру белсенді түрде жүргізілді. Деревнялардан келген шаруалар мен қазақ ауылдарынан келген кедей-батрақтар өндірістік-техникалық курсарда, мектеп-шеберханаларда, ФЗО мен қалада 1929 жылы ашылған кен-металлургия техникумында білім алған кеншілер, металлургтер, металлистер қатарын толықтырып отырды.

1931 жылы салына бастаған Ульба ГЭС-іне жұмысқа келгендер де балташы, бетоншы, тас қалаушы, сылақшы, электромонтажшы мамандықтарын менгерді. Тек 1932 жылы ғана арнайы курстардан өткен 300-ден аса адамның бестен бірі қазақтар болды. (С. Нұрмұхамедов... «По плану Ленина». 55-б.)

Атағы дүрілдеп тұрған Риддерге ол кезде жан-жақтан жұмыс іздел өз бетімен келіп жатқан қазақтар да болды, өкіметтің көсіпорынға жергілікті ұлт өкілдерін қабылдау (коренизация) саясаты да болды. Мәселен, Риддер комбинатының Семей округтік атқару комитетіне берген статистикалық мәліметінде мынадай деректер келтірілген. «1928 жылғы 1-ақпанда көсіпорындағы 1847 адамның 254-і, немесе 13,8 пайызы қазақ ұлтынан. Негізінен жұмысшы-қазақтар тау цехында, байыту фабрикасында, теміржол цехында, ат қорада жұмыс істейді. Біздің көсіподак ұйымдары көсіпорындағы қазақтардың жағдайын жүйелі түрде зерттеулері қажеттігін талап ету керек. Сонымен қатар ұлттандыру (коренизация) жөніндегі біздің жұмыстардың табысты жүруі үшін райкомда бірнеше рет қаралған көсіпорында ұлттандыру жұмысымен жүйелі түрде айналысадындей директордың көмекшісі етіп қазақты тағайындау мәселесін түбегейлі шешу керек».

(Семей обл. мем. мұрағаты. К-74, тіз-1, іс-33)

Бұл, әрине, өкімет саясатын қағаз жүзінде қолдау. Әйтпесе көсіпорындағы қазақтардың жағдайы мәз болған жоқ, оның барлығы, әсіресе журналистерді, ұлтжанды азаматтарды толғандырмай қоймағаны белгілі, ол жөнінде нақты мысалдар кейінірек келтірілетін болады.

Қалай дегенмен де сол кездегі ірі өндіріс орталығына қазақтар көптеп келіп қоныстанып жатты. Алғашқы ұлттық жұмысшы тобы қалыптаса бастады, Одаққа әйгілі жарыс жеңімпаздары шыға бастады. Осының барлығы қалаға ұлт тілінде шығатын ақпарат құралының қажеттілігін туғызды.

Жалпы 1930 жылы Қазақ өлкесі бойынша қазақ тілінде шығатын газеттердің жалпы саны 14, ал олардың таралымы 133 мың болатын. Бұл, әрине, аз деп табылып, бұл мәселе Қазақ өлкелік партия комитетінің Пленумында арнайы қаралды. Сол Пленумда Риддерде де қазақ газетін шығару қажеттігі жөнінде мәселе шешімін тапты. Өлкелік партия комитетінің Үгіт-насихат жөніне баспасөз бөлімі бұдан бұрынырақ 1928 жылы қазанда білімді газет қызметкерлерін даярлау туралы мәселе қарады. Олардың саны аз, барларының білімі саяз екенін көрсете келіп, нақты шаралар белгілеп, арнаулы қаулы қабылдады («Еңбекші қазақ» газеті. 24.10.29). Бұл қаулы қалың елдің ішінде жүрген сауатты интеллигенцияға, оқып жүрген жастар мен көзі ашық шаруа адамдарына қозғау салды. Оларды баспасөз төңірегіне топтастырды.

Сонымен, өлкелік партия комитеті бұған дейін де аударма жұмысымен айналысып, «Колхоздардың ішкі тәртібі», «Ауыл шаруашылығы артелінің үлгілі уставы» сияқты кітапшаларды қазақшалаған, шағын мақала, өлеңдер жазып, басылымдармен байланыста болып жүрген Ақмола қаласы прокурорының көмекшісі Мақсұт Тайшыбаевты Алматыға шақыртып алады. «Газет жұмысына жіберілетін болғандықтан Тайшыбаевты шүғыл түрде өлкелік партия комитетінің қарамағына жіберіңіз. Щипков» деген шақыртумен 1931 жылғы шілдеде келген Мақсұтты Өлкелік комитет «Еңбекші қазақ» газеті партия секторы бөлімінің мемгерушілігіне тағайындаиды. Сол жерде екі айдай «сынақтан» өткізіп алған соң Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф. И. Голощекиннің қолымен «Тайшыбаев жолдас Риддердегі қазақ газетінің редакторы болып тағайындалсын» деген бүйрық шығарылды. (ШҚОМА. Қ-130, т-17). Сонымен республиканың Шығыс өнірінде тұңғыш ашылмақ қазақ газетінің алғашқы редакторы 1931 жылғы 1-қыркүйекте еліміздегі аса ірі өндіріс өнірінің бірінен саналатын Риддерге келіп, қыруар дайындық жұмыстарын жүргізе отырып, сол жылғы 24-қазанда «Жұмысшы» аталған қазақ газетінің бірінші санын жарыққа шығарады.

«Жұмысшы» алғашында қалалық «Риддерский рабочий» газетінің бес күнде екі рет шығатын қазақша беті ретінде жарық көріп жүрді де жаңа жылдан бастап жеке шаңырақ көтерді. «Қазақ совет баспасөзінің тарихында жаңа бетбұрыс тудыру, оған қалың бұқараны жұмылдыру, олардың ішінен тілшілер, жазушылар шығару үлкен күрес, айтыс-талас үстінде жүзеге асырылды» (Т. Қожакеев. «Жыл құстары», А-1991). Дайын тұрған ешқандай базасы жоқ, не бір тілшісі жоқ, «газет шығарасын» деген партия тапсырмасымен соқа басы келген М. Тайшыбаевқа да бұл шаруаның оңай болмағандығы аян. Ал енді газет жұмысына келмес бұрын Мақсұт кім еді, оның шыққан тегі, айналысқан істері қандай еді?

Мақсұт Тайшыбаев 1904 жылы тамыз айында Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Құмай селолық Советіне қарасты «Құрамыс» колхозында, Қорғалжын ауылында туған. Әкесі өз заманының беделді, ауқатты байы, сөзі дуалы болысы, биі болған. Қорғалжын маңында «Тайшыбай көлі» деген көл өлі де бар көрінеді. Алайда, өкеден ертерек, бес жасында айрылған Мақсұт, Хамит деген інісі екеуі Ақмола балалар үйінде тәрбиеленеді. Басқа ағайындарының барлығы шет елге асып кетеді. Ерте хат таныған, еті тірі бозбала 16 жасынан кеңес жұмысына араласады, жиырма жасында совет-партия мектебін бітіріп, 1925-26 жылдары Рабземлес губерниялық одағы тәрағасының орынбасары, ал 1926-28 жылдары Атбасарда халық судьясы болып қызмет істейді. 1927 жылды ВКП (б) мүшелігіне өтеді. 1928-29 жылдары Мақсұт Тайшыбаев Атбасар уездік кесіподақ бюросының тәрағасы, Ақмола прокурорының көмекшісі болып лауазымды қызметтер атқарады.

«Жұмысшының» тігінділерін ақтара отырып, газеттің сол кезде қалыптасып келе жатқан қазақ жұмысшы табының өділдік іздер ордасына, қуат берер, рухын көтерер байрағына айналғанын, ондағы батыл жазылған материалдардан комбинатта еңбек етіп жүрген қандастарымыздың біршама мүшкіл халін елестетуге болады, «Өзім», «Тілші», «М», «Мақсұт», «Қорғасын» деген псевдонимдермен шыққан «Тентегімнен мәнінің, мәнінің мелитсиям сорақы», «Бассыздық па, батырлық па?», «Аты өшкір Әндіреев», «Ұлы орысшылдық па, жергілікті ұлтшылдық па» деген сын материалдары осы күнге дейін өзінің өміршөндігін жоғалтпаған тәрізді. Аздал ықшамдалған осы материалдарға көз жүгіртіп өткенде бұл тұжырымның дұрыстығына оқырманның көзі жетеді.

### **БАССЫЗДЫҚ ПА, БАТЫРЛЫҚ ПА?**

*Қыс келді, сұық тұсті, мұз қатады. Мұз қатса кеме тоқтайды, қатынас тоқтайды. Семей мен Өскемен арасына шана шегіп, ирек қатынайтын күн туады.*

*Туса қайтеді?*

*Қайтсін, комбинаттың жүргі тасылмайды.*

*Келердегіні ойлап, қара тұманга түсіп отыруды мәніс бар. Сыр бар. Сыр: қорғасын зауытының салақтығы, бастықтардың бассыздығы, иесіздігі.*

*Не болып қалды?*

*Не болсын, асырып айтсам, кемі 30 вагон қорғасын стансада жатыр. Жүк тасушы жұмысшылар жұмыссыз жур. Өскеменге вагондар бос кетіп жатыр. Айтайық-ау, қорғасынды жөнелтейік-ау деген жсан жсөк.*

*Мұны не деп айтуга болады?*

*Бұл барып тұрган... өзің айтши. Айтып қана қоймай, шарасын қолданыш.*

**ТІЛШІ.**

(«Жұмысшы», № 3.30.XI. 1931 ж.)

### **АТЫ ӨШКІР ӘНДІРЕЕВ!**

*Бұл атақты Әндіреев талайды зар жылатқан. Байыту фабрикасына қырсығын тигізген Әндіреев.*

*Ауылдан шақырылып келген қазақтың үш тобы Әндіреевтің қарамагына келеді. Кісі басы 5 сомнан «авансы» береді де бұларды жұмысқа салады. Жер қаздыртады, тас сындыртады, саз күретеді, арық тазалаттырады. Қайда қыын жұмыс болса сонда айдайды. «Бұзаубастар» табылды деп қуанады. Күн артынан күн өтеді. 5 сом таусылады, азық болмайды. Азық алатын қаржы болмайды. Үдайымен үш күн аш болады. Аштан бұралып әл болмайды. Кенжетай тобы «мас» адамша сенделді, көрінген жерге*

жыгылады. «Бұларга оба тиді» деп жариялады Әндіреев. Ауру қарайтын кәмәсияга жолдайды. Бұлар ауру емес екенін, аштан бұралғанын айтады. Тыңдамайды. Кәмәсия «аштан бұралғандық» деп қаза береді. Қазақтың екі тобы осы күнде Әндіреев «товарищтың» қарамагында жүр, киім жоқ. «Естігеніміз боқтау, жазықсыз «прогулге» жазады, іздельный істемтірмейді, қайдагы былық, қын жұмысқа бізді жұмсайды» дейді жұмысшы Ыбрайымұлы. Әндіреевтің ұлы орысшылдығы, жолсыздығы, адам баласының батылы барып істемейтін жұмысты істегені осы.

### ТІЛШІ.

(«Жұмысшы», № 13.6.XII. 1931 ж.)

Мақсұт туыстық жағынан Мағжан Жұмабаевпен туған бажа болған. Қызылжар қаласының атақты байы Шоқан Тастаніровтың үлкен қызы Зейнеп Мағжанның жары болса, кіші қызы Нагимаға Мақсұт үйленген.

Тайшыбаев сондай-ақ, ҚазАПП-тың сол кездегі облыс орталығы Семейдегі бөлімшесінің төрағасы Тұрлыхан Қасеновпен шығармашылық байланыста, Сәкен Сейфуллинмен, Сәбит Мұқановпен таныс болған. Ол жайлы Мақсұт «халық жауы» ретінде атылғанда үш жаста қалған қызы, қазір Алматыда тұратын Роза Тайшыбаева-Сужикова былай дейді.

Үш жаста болсам да екі сәт есімде қалыпты, тіпті, өлі күнге дейін көзімнің алдында, дейді бүгінгі күні жетпісті алқымдал қалған асылдың сынығы, тектілердің тұяғы Роза Мақсұтқызы, біреуі өкемді қалай ұстап әкеткені, содан соң шешеммен бірге түрмеге барғанда: «папамды көрсетші, көрсетші» деп бір милиционердің аяғынан тас қып құшақтап алғаным... Міне, осылар есімнен өмірі кеткен емес... «Халық жауының» балалары болып қашып-пышып ержеткен біздің тұстастарымыздың көргенін ешкімнің басына бермесін...

Сыры кетсе де сыны кетпеген ақша бетін еркінен тыс айғыздай жөнелген көз жасын жібек орамалымен сұртіп, дауысы жарықшақтана шықты:

Айналайын, осынша жылдардан кейін өкемнің дерегін іздең ат ізін алғаш салған өздеріңе алғысым шексіз, деп Роза апай өзінің қазына қобдишасын алып, ішінен өкесінің көзіндегі сақтап жүрген екі кітапшаны бізге ұсынды.

1934 жылы Семей облыстық баспаҳанасынан шыққан «Екпінді еңбек» деп аталатын бір кітап Қазақстан кенес жазушыларының тұңғыш съезі қарсаңында Шығыс Қазақстан облысындағы Кенес жазушыларының шығармалар жинағы екен.

Кітапқа алғысөз жазған Рақым көркем әдебиеттің жалпы әдебиеттен, газет хабарларынан өзгешелігін түсіндіре келіп жинаққа шығармалары енген жас жазушыларға алдағы уақытта шығармашылық табыстар тілейді. Сонымен, бұл жинаққа Еркебайұлы Қайрылқанның «Жер еңбек», Тұрғамбайұлы Ахметжанның «Жұман мен Жұніс», Тұрлыхан Қасенұлының «Оспан

комсомол» атты көлемді өлеңдері, Сармұрзаұлы Файсаның «Темір қызғанда» әңгімесінен үзінді, Тайшыбайұлы Мақсұттың «Қас дүшпанның қылышы» атты жазылыш жатқан кітабынан үзінді берілген.

Бұл кітапшадағы Мақсұттың әңгімесі ауқымы кең үзінді, романның тараулары сияқты. Қолжазба күйінде болса да оның көлемді шығармалары болды деген ойды Роза Мақсұтқызының бір естелігі де дәлелдей түседі. «Әкемнің кейін прокурор болған жамағайын бір інісі бертінірек маған «мені Мақсұт аға 17 жасар кезімде Риддерден осы Алматыға алып келіп, заң окуына түсіріп еді. Сонда шахтерлар туралы екі томдық кітабының қолжазбасын ала келіп Сәкен Сейфуллиннің үйіне кіріп едік. «Мен отзыв берер едім кітабыңа, бірақ қолым тимейді» деп, біздің көзімізше Сәбит Мұқановқа телефон шалып, сонда жіберді. Сәбенәнің қолына тапсырғанын өзім көрдім. Сен папаңың еңбектерін ізде» деген екен.

Сол жылы күзде әкемді ұстап өкетті. Бертінірек, елуінші жылдардың соңында Сәбенмен саяжайымыз қатар болғанымен өзінен сұрауға батылым бармады. Кейін ол кісі қайтыс болған соң Сәбенәнің мұрағатынан сұрастырып, таба алмадым, бәлкім псевдониммен жазған болар, дейді Роза апай. Бұл да келешекте ойда жүріп, іздестіретін шаруа.

Мақсұттың өлең өлкесіне де қалам тартып, қолтаңба қалдырған ақындығы да бар екен. Оны жазушылардың Семей секциясы 1932 жылы бастырып шығарған «Колхоз егісі» деген топтама өлеңдер жинағындағы «Жұмысшылар, қолың бер» деген туындысынан көруге болады...

«Жұмысшы» газетін шынында да жұмысшылардың өздері шығарды. Олардың ең саналы, алдыңғы қатарлы, белсенділерінің ой-пікірлері, тілек-ұсыныстары газеттің бүкіл мазмұнына арқауға алынды. Газеттің штатында алғашқы жылдары өздері жұмысшылықтан бастаған Бейсек Исабеков пен Мағауия Игембаев, Болат Әбілденов әдеби қызметкерлер болып еңбек етті. Фельетонист, очеркист, публицист Манап Шігеров жауапты хатшы болып істеді. Алдымен журналист, кейінірек партия бөлімінің меңгерушісі, редактордың орынбасары болып Қабиден Алпысбаев қызмет жасады. Кейінірек, 1938 жылы осы газетке әдеби қызметкер болып Павлодар өңірінің тумасы, Майқайында алтын өндіруші, 1933-34 жылдары Риддерде совет-партия мектебін бітіріп, сондағы қазақ театрында актер, корғасын заводында жұмысшы болып істеген Фабдолла Тохметов келді.

Әрине, газеттің қалыптасуына, шын мәнінде қазақ жұмысшыларының арасында үлкен беделге ие болып, олардың мінберіне айналуына ерекше еңбек сіңірген, үйітқы болған шебер журналист жазушы, өз үлтyn жанында жақсы көрген жалынды күрескер, отыз төрт жасында сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болып кете барған Мақсұт Тайшыбаев еді. Тұңғыш редактор жайлы оны көзі көргендердің естеліктері арқылы жазылған мынау

шағын екі-үш материал М. Тайшыбаевтың іскерлігін, қабілетін, ұлтжандылығын айғақтаң түр емес пе.

«Газет жаңа өмір, жаңа құрылым, жаңа түрмис жасаушылардың зор дауысты жарышы болып дүниеге келді. Газетте алгашиқы күннен хат-хабар жазып шыгарушылар кімдер! Жұмысшылардың өздері. Оқи, жаза білетіндері тілші болып кетті. Сауатсыз, шала сауаттылары газетті жаздырып алып ежелеп, саулатып оқып үйренди. Хат таныды. Кейде редакцияга өздері келіп айтып жазғызады. Кейіннен өз қолдарымен шахтадан, заводтан, фабрикадан, құрылыштан, қызыл бұрыштардан, асханалардан хабар-ошар жазып жіберетін болды. Редакция талапты жас жұмысшылардан толықтырылды. Редакторымыз шебер журналист Тайшыбаев Мақсұттың өзі бүкіл газет жұмысын жұмысшылардың ыңгайына қарай бейімдеді. Олардың ең саналы, алдыңғы қатарлы, белсенділерінің ой-пікірлері, тілектері, ұсыныстары газеттің бүкіл мазмұнына арқауга алынатын.

Аппаратымыз шағын гана. Бір-ақ бөлмеде отырамыз. Кеңседе көп аялдамаймыз. Баспаханага материалды жазып беріп болысымен бекітілген кәсіпорындарға кететінбіз. Қолганат екі әдеби қызметкер болдық. Игембаев Магауия өзі жұмысшы болып істеген қоргасын заводына, күш цехина (электр станция) бекітілген. Осы жолдардың авторы шахтада жұмыс істеп жүрген жерінен газетке алынған. Риддер руднігі, Сокольный руднігі (ол кезде осы екі рудник қана руда шыгаратын), кен байыту фабрикасы менің қамтуымда.

Газетімізде жақсы дәстүр қалыптасты. Күн сайынғы номер материалдары тікелей шахталардың забойларынан, завод цехтарынан, фабрика агрегаттарынан, жұмысшы барактарынан алынады. Эрі жаңа, әрі қызықты, өрі жедел жарқ етеді. Оған жұмысшылар да қуанады. Газетке құлышына қатысады. Күн сайын таңертең тапсырма аламыз да цехтарға кетеміз. Мен шахтер кезімдегі жатқан үшінші барактан шықпадым. Жатақхана. Сол төсек-орным, сол шкаф, тагы басқа қажеттерім, жұмыс күмдерім қалпында. Жиyrма бес кісі тұрамыз.

Бір жақсысы рудниктердің барлық горизонттарында, қоргасын заводының цехтарында, фабрика сменаларында істейтіндер осы баракта бар. Жұмыстан келе-ақ кім қалай норма орындағанын, нендей жаңалық болғанын жолдастарым үйықтап жатқан жерімнен оятып тұрып айтЫп береді. Тек жазып үлгеріп, қорыту керек. Бұл барактагылардан алынған хат-хабар жиі-жиі, көп шыгатын. Оның есесіне басқа барактарда немесе жеке пәтерлерде тұратын жұмысшылар газетке қамтылмай, наразылық туда бастады. Дәл алгашиқы бесжылдықтың үшінші жылышын қызырғы тоқсаны. Жаңа рубрика пайда

болды: «Бұгін кім алда!». Онда бесжылдықтың алгашиқы екпінді бригадаларының жарысы жазылады. Атақты забойшылар Тілепов Бекіштің, Ыхсанов Қалиттың, Себебаев Аззамның, Себебаев Әкрәмнің, Бархатов Андрейдің, Лелинблат Василийдің, Үқласов Біләлдің, Куанышбаев Қамзаның бригадаларының тізімі жарияланды. Бәрі де нормаларын асыра орындалған. Қалай да Себебаев Аззамның бригадасы тізімнің соңғы жағынан жарияланған. Таңғы сменадан шығысымен тақтадагы газетті жабыла оқиды. Аззам жұмыс киімін шешпестен, қолына карбид шамын жағып үстеган күйінде ентіге редакцияга келді. Ол кісіні Агекең дейтінбіз. Құрметтейміз. Келе-ақ жігіттердің астаңкестеңін шыгарды. Неге тізімнің соңында жүрмін. Айтар дәлел жсоқ. Әйтеуір, Агекеңнің алды бар, арты жсоқ. Қайтымы жылдам. Ақ көңіл. Ер мінезді. Батыр денелі. Тек оның бетіне келмей, ығын тапқан үтады. Қандай үлкен бастық, инженер, комбинаттың директоры болса да Агекеңе бас иіп сөлемдеспей өте алмайтын.

Агекең тізімді дайындалған мені іздең, кезекшіліктен келіп баракта үйықтап жатқан маган келді емес пе. Сонымен кеш те болды. Агекең үйіне бармастан, барактан мені ертіп алып, шахтага келіп тұсті. Сменасы біткенше мені жсанына ертіп жүрді. Жұмыстың ақырында сегізінші горизонт штейгері (кен мастері) Ульян Федорович Шкилевке жұмыс нәтижесін есептетті. Рапорт жазғызды. Бұргылау, атқызу бәрін есептегендеге норма 208 процент орындалған. Келесі күні «Жұмысшы» газетінің бірінші бетіне шыққан «Бұгін кімдер алда?» деген хабарда бірінші болып Себебаев Аззамның бригадасы жазылған.

Сол-ақ екен, Агекеңнің смена әредігінде, жөндеу үйінде, забойда, асханада аңқылдаган әңгімесін талай шахтерлер естиді. Тізімге енді бірінші болып қалай жазылғанын біліп алды. Тагы газеттің күнделікті номері шықты. Жарыс озаттарына арналған бөлімнің аяқ жағында Үқласов Біләлдің бригадасы көрінді. Оның көрсеткіші осал емес. Бірақ Аззамның істегеніне еліктеп Біләл да таңертең редакцияга жұмыс киімімен тұра тартты. Ол Агекеңдей емес. Момын. Байсалды. Бір сөз айтса да нық. Өкпесін жеткізді.

Жұмысшылар өз газетіне осында өте құмар, оған белсене қатынасатын еді.

(Б. Исабеков. «Жұмысшы дастаны». 30.XI.1971. «Ком. туы»).

«Жаздың жаймашуақ күні өскелең қала Риддердің адамдарын, парктерін, металлургтер сарайын тамашалап, орталықтагы Киров көшесінің бойымен серуендең келе жатқанмын. Қарсы алдынан бір қараторы, орта бойлы жігіт жсолықты. Алғаш кезіккен адамым. Мен оған сәлем бердім. Аз уақытта-ақ ол мені бұрыннан таныс адамдай үйіріп өкетті.

Қайда қызмет істейтінімді, немен шұғылданатынымды, әдебиетке деген көзқарастарымды сұрастырып, өзін таныстыруды. Ол «Жұмысшы» газетінің редакторы Мақсұт Тайшыбаев екен. Ертеңінде менің редакцияга келуімді өтінді.

Айтулы сагатында редакцияга келдім. Біраз уақыт ашық, бүкпесіз әңгімеден кейін ол менің редакцияга өдеби қызметкер болып келуімді жөн деп санады. Мен құп алдым.

Мәкеңді мен өзімнің шын мәніндегі ұстазым, алғашқы ақылшым деп мақтанышпен айта аламын. Оны бүкіл Риддер жүргіштің сыйлайтын. Беделді, іскер, қамқоршы адам болды. Газет жұмысын бірінші орынга қоятын нағыз журналист еді.

(Б. Әбілдинов. «Ұшқан ұя», 20.XI.1981, «Ком. туы»).

**1. «Бозторгай».** Мақан келе іске кірісіп, жолдастарымен станокты қабылдап, босаған винттерін тартып, сусаған жерлерін майлай бастады. Осы шаруага айналып жүріп, ол буровойдан әлде бір тықыр, дыбыс естіді. Көмекшісінің жүргісі сияқты емес. Ол сылбырлау, шабан қимылдайтын, ал мына дыбыс тақуа, пысық адамның жүргісіндей шап-шаң. Ау, кім бар мұнда? деді, келген кісі сөйткеніше-ақ жылдам дауыстап.

Е, мен бармын. Кімді іздеп ең?

Станоктың астынан қолын сұрте көтерілген Мақан аласа бойлы, сыпайы өңді кісіні көрді. «Қаратаяқ» деді ішінен келген кісінің ақ жасаға, қара галстукты киімін сынап.

Танысалық, деді келген кісі саусақтары жіңішке, ені тар алақанын ұсынып. Мен жергілікті «Жұмысшы» газетінің редакторы Тайшыбаев Мақсұт деген боламын. Озық бригада ретінде сіздерге жаңа станок беріпти. Соны жазғалы келдім. Мақан жүзі таныс болмаса да Тайшыбаевтың атына қанық болатын. «Тілді, шешен» кісі деп естітін. Сол естігені есіне түсіп, өрі бүгінгі ойнақы көңілі де билеп, ол өзі құралыптаған редактордың жіңішке саусақтарын қаттырақ қысып қалды.

Олай болса алдымен бір ауыз өлеңге қосып жіберіңіз мені. Сонда гана сөйлесеміз.

Жөн-ақ! деді редактор бүрісіп қалған саусақтарын үрлеп, сілкілеп. Бірақ, бұл айтқаның да болсын, құрбым. Жаңа жол бойы ойыма оралған бір ауыз өлеңім бар еді, соны айтайын. Редактор былайырақ тұра қалып, сахнадағыдай оң қолын көтеріп, соқтырта жөнелді:

Тас кесіп, кен барлаган бұргышымыз,

Қайта өрлеген Редірдің түңгышымыз.

Таласып бозторгаймен таңнан тұрып,

Шалқытқан еңбек күйін жұмысшымыз.

– Қалай, ә?

Мақан өлеңді оншама түсінген жоқ. Бірақ, ежелден қалыптасқан әдет бойынша, ішінен қайталап, жаттап алды.

Сол жолы Мақсұт Тайшыбаев біздің бригада туралы мәлімет жазып алып кетті, деген еді қарт бұргышы Мақан Сердалин ақсақал. Соңынан «Жұмысшыда» шыққан мақаласын «Бозторгай» деп атапты.

**2. Тұнгі қонақ.** Бұл әңгімені маган жаңа Риддердің іргесін қалаган, кезінде ҚазЦИКтің мүшесі болған, Ленин орденді қарт metallurg Сатыбалды Бөлекенов айтушы еді.

«Тұн ішінде біреу келіп, тереземді қатты қазып-кагып жіберді. «Сәке, тез аш!» дейді. «Кімсің сен!», «Мен Тайшыбаевын, редактормын», дейді. Сыртта жауын екен, үсті су, бірақ өңі жайнап түр. Жылдам адымдап кіріп, алдыңғы үйдегі орындыққа отыра кетті. «Үйдегілердің мазасын алмайық, есікті жауып қойыңыз», деп өзі су тиген бетін ақ орамалмен сұртіп алып, келген шаруасын айтты.

Ертең бізге үлкен қонақ келеді екен, жұмысшылармен кеңеспек екен. Бірақ, жергілікті басшылар сорақымыз шығып қалмасын деген хауіппен үлкен адаммен кездесуге өздеріне сенімді адамдарды дайындаған қойыпты. Ертең заводты аралаганда қонақтың алдынан солар гана шығып танысып, жаттап алған сөздерін сайрамақ екен.

Сіз солардың өтірігін шыгарыңыз, Сәке, деді Тайшыбаев. Өзіңіз білесіз, жұмысшылар халі өте ауыр, қазір өндірістік істеп онып тұрган жоқ. Осының бәрін үлкен адам алдында жасқанбай айтып берер жұмысшы болса, ортақ іске оның орасан зор пайдасы тиер еді.

Мен дайын, дейді Бөлекенов сөзге келмей. Бірақ, қалай, қайтып жолыгүм керек ол кісімен?

Оның бәрін мен үйимдастырамын. Тек ертең таңертеш өз пешіңіздің маңайынан үзап кетіп қалмаңыз.

Ертеңінде Сатыбалды бір сынган колосниктерді аудыстырып, пеш астынан үсті-басы құл, шлак басып шыға бергенде қонақтар да сау етіп келіп қалды. Алда қыран кеуделі, ашиқ жүзді ірі адам киімі жұпның: гимнастерка, галифе, аяғында ақ жұлық бол тоза бостаган хром етік. «Оншама үлкен болмады гой бұл», деп ойлады қонаққа жіті бір көз тастаган Сатыбалды. Өзі үмтүлдып, жолын кеспей, сабырмен тосып тұрып қалды. «Өтсе өтіп кетер», дегендей еді. Бірақ осы тұста бұны байқаган қонақ та, сәл іркіле беріп еді. Осы сәтті редактор Тайшыбаев іліп өкетті.

Заводтың байыргы жұмысшысы Бөлекенов, деді ол қатты дауыстап. Сатыбалдыга қолын созып, қонақ тұра қалды.

Көптен мұнда істейсіз бе? деді ол Сатыбалдыга сынай қарап.

«Екібастұздан» осы заводпен бірге көшіп келдім, деді Сатыбалды. Пеште істегеніме он бес жыл болды. Қонақтың өңі жылы бастады.

*О, олай болса, сіз заводтың шын қожасы болдыңыз гой? Жұмысыңыз қалай Бөлегенов жолдас?*

*Менің бригадам жоспарын 110-115 процентке орындаиды.*

*А, сіз бригадирсіз бе? деді қонақ. Онда сіз жауапты адамның бірі екенсіз. Мына заводтарыңыз үш ай бойы тоқтап қалыпты, бұл қалайша?*

*Завод біздің үш ай тұрган жоқ, деді Сатыбалды қонаққа тұра қарап. Небәрі қырық күн жөндеуде болды.*

*Кокс жоқ бол тұрган жоқсыңдар ма?*

*Жоқ, кокстан тұрганымыз жоқ. Бұрыннан жатқан, шала жасылған коксты елең, қайта жақтық. Жөндеу уақытынан артық тұргызбауга тырыстық.*

*Бірақ, кокстың болмаганы рас қой?*

*Рас. Бұган облыс басшылары кінәлі. Солардың сөзіне сеніп кокссыз калдық. Өтірік десе, өздері айтсын.*

*Қонақ артына мойнын сәл бұрганда облыс басшылары жерге қарады.*

*Ал, Бөлегенов жолдас, тұрмыс жасы қалай? Азық-түлік жөнін айттыңыз. Шынын айттыңыз.*

*Айтуға болады. Тәулігіне 900 грамм қара нан аламыз. Асханадан бір аяқ картоп көже береді.*

*Қазақстан малга бай. Ет бермей ме сіздерге?*

*Жоқ, ет көрмейміз.*

*Балық та көп сіздің облыста.*

*Балық та көрмейміз. Май мейрамында 500 грамнан тұзды балық алгамыз...*

*Нөкердің кейбіреуі еріксіз күліп жіберді. Бірақ қонақ күлген жоқ, күлгендерге қараган да жоқ. Қабагын түйіп алды. Осы кезде Бөлегеновтың жасына келіп тұра қалған Герасимов деген жұмысшыға қарап:*

*Сіз орыс адамысыз. Жерлеріңіз қара топырақ, құнарлы екен, картоп неге екпейсіздер? деді.*

*Тұқым жоқ, деді Герасимов күрсініп. Аз-маз болған, қыста жеп қойдық. Бала-шага шыдамады.*

*Көмекші шаруашылық жоқ па, қалаңызда?*

*- Жоқ.*

*Қонақ тіпті түнеріп кетті.*

*- Қырсыздық! Неге төзесіздер, жұмысшылар, бұл қырсыздыққа, а?*

*Бөлегенов бұл кезде алдында тұрган адамның «қарапайым» емес екенін сезе бастаған.*

*Көрдіңдер ме, мына жұмысшы мемлекеттік қайраткерше ойлайды.  
Міне, кіммен бірігіп, ақыл қосып істей керек сіздерге.*

*Бұдан соң ол жұмысшыларга қайта-қайта рахмет айттып, қол алысып қоштасты.*

*Бәрін де жөндейміз. Алаңдамай істей беріңдер, деді кетіп бара жатып, қолын бұлғап.*

*Оның соңынан қарап, аңырып қалған жұмысшыларга редактор Тайшыбаев келіп:*

*Әй, Сәт-ага-ай. Қатырдыңыз-ау. Жұмыскерше бір-ақ. Сілейттіңіз гой облысын да, ауданын да. Мың да бір рахмет сізге! деді Сатыбалдының қолын қысып.*

*Бұл қазір тарихқа айналған уақыға, 1934 жылы Кировтың Риддерге келуі еді. Осы келістен көп жақсылық күткен кісінің бірі «Жұмысшы» газетінің редакторы Мақсұт Тайшыбаев болатын. Оның сенімі ақталды. Осыдан бастап Риддер шаруашылығы күрт алға басты.*

*(К. Сақабаев. «Алгашқы редактор». 11.1.1977, «Ком. туы».)*

Риддер өсіп-өркенде, аса маңызды Риддер-Рубцовка темір жолы, сол кездегі ең ірі құрылыштың бірі Улбі су электр станциясы салына бастады. Жұмыс ізден жан-жақтан ағылған халық саны да молая түсті. Сол кездегі статистикалық деректер бойынша 1925 жылдан 1935 жылға дейін облыстағы жұмысшылар саны 3073 адамнан 20150 адамға дейін артты. Мұның ішіндегі қазақтардың үлес салмағы 12,6 проценттен 60 процентке дейін жетті. Бұл облыс бойынша деректер болғанымен осы жұмысшылардың басым бөлігі Риддерде тоғысқаны анық. Қазақ даласының көп жерін аштық, жоқшылық жайлаған 1932-34 жылдары Риддер комбинатында ғана жұмысшының жылдық жалақысы 148 процентке артты. Жұмысшылардың еңбек белсенделілігі артты. А. Стаканов үйтқы болған социалистік жарыстар ерекше екпінді болды. Мұндай социалистік жарыстардың басты принципінің бірі, әрине, оның көпшілікке кеңінен жариялы болуы еді. Сондықтан «Жұмысшы» да өз беттерінде еңбек озаттарын, ұжымдардың тоқсандық, жылдық жұмыс қорытындыларын, көсіпорынның, жеке бригадалардың, еңбек озаттарының рапорттарын кеңінен жариялады.

Алайда бесжылдықтар кезеңіндегі аса ірі түсті металлургия орталығы Риддердегі қалыптасу процесі өте күрделі тарихи жағдайда өтті. Ұлтжанды, сезімтал Мақсұт сияқты журналистің жүргегін әсіресе мұндағы қазақтардың жағдайы, олардың көпекернеу шеттетіліп отыруы қатты ауыртты. Қалалық партия комитетінің мүшесі ретінде ол мұндай бассыздықтардың талайын

естіп те, көзімен көріп те жүрді. Соның бір ғана айғағы ретінде оқырман назарына мына бір ғана ресми құжатты ұсынуды жөн көрдік. Осының өзінен-ақ жан-жақтан жұмыс ізден келген қандастарымыздың сол кезеңдегі жағдайын елестетіп, көңілмен екшеуге болатындей.

*«Риддералтынның» Риддер комбинатынан жұмыстан қуылып, пәтерден шыгарылған жұмысшы-қазақтардың турмыстық жағдайын зерттеу актісі*

1 ақпан-наурыз 1933 ж.

Риддер қаласы.

...Акт № 6 барақтагы жұмыс істемейтін қазақтарды тауып... олардың тұргын үй-турмыстық және денсаулық жағдаймен таныстыру мақсатымен жасалды.

...Журавлиха агаши дайындау участкесінен өнімділік нормасын үнемі орындамағандықтан және жұмысқа себепсіз шықпагандықтан жұмыстан босатылған ерек және өйел жынысты 26 қазақ анықталды... Олардың көпшілігінің асырауында бірден үшке дейін адамы бар... Қазақтар Прибалхашстройдан келіп Риддер комбинатынның агаши дайындау бөлімінде істеген... Қазақтардан жауап алу кезінде... олардың сегізінің... аштан өлгендігі анықталды. Олардың ешқайсысымен жұмыстан шыгарылған кезде есеп айырысу жасалған жоқ... жалақысы төленбекен.

Жұмыссыздардың барлығы... баспа насыз болғандықтан... № 6 барақтың... аурухананың бөртпе сүзек бөліміне арналған бөлмесіне өз беттерінше кіріп алған. Ол бөлме нағыз антисанитарияның үлгісі: едені лас, қоқым-соқым, су, дәлізінде... киізге оралған өлген қазақтың денесі жатыр... Барлығының да киімі... тәнін өзер жабатын шоқпыттардан құралған. Тамақтары (тексерілгендерінің) асхананың қалған-құтқан жуынды-шайындылары мен үсіген капуста..., ыдыс ретінде лас агаши астау пайдаланылады.

Медициналық тексеру... олардың көпшілігінің... аса ашыққанын.., өкпелеріне суық тигендігін.., барлығының терілерінің бөрткендігін, қышыма, таз қотырмен, және басқа сырқаттармен ауыратындығын анықтады.

...Каралгандардың барлығын да алдынала күшті тамақтандырылған соң қара жұмысқа пайдалануга болады..., сол ауқаттандыру кезінде оларды амбулаториялық емделуге міндеттеу керек.

Тексерілгендер тізімі... тіркелген. (Төмендегі таблица).

Комиссия мүшелері:

Дәрігер Колосов

*№ 6 баракта тұратын жұмыс істемейтін қазақтардың тізімі*

№	Фамилиясы, аты-жөні	Жасы	Кайдан келді	Жұмыстан шығу себебі	Семьялық жағдайы	Жұмыстан шыға рылғанда есеп айырылысты ма?	Ескерту
1	Құрықбаев А.	20	Балхаш	Нормасын орында-мады	Әйелі, екі баласы бар	жоқ	әйелі аштан өлді
2	Иманқұлов А.	28	-	-	жоқ	-	-
3	Омарбеков А.	19	-	-	-	-	-
4	Серікбаев Р.	18	-	-	-	-	-
5	Құрақанов Б.	22	-	-	-	-	-
6	Тулабаев О.	22	Корға-сын заводы	-	Әйелі, екі баласы бар	-	Әкесі өлген, әкесін жерлегені үшін жұмыс-тан босатылған
7	Мамбаева Т.	30	Журав-лиха	-	Екі баласы бар	-	Күйеуі аштан өлген
8	Бекжанов Б.	20	-	-	Әйелі, екі баласы бар	-	-
9	Күлеканова	33	-	-	4 баласы бар	-	Күйеуі аштан өлген
10	Тұлеков С.	21	-	-	4 баласы бар	-	Шешесі мен екі қарын-дасты аштан өлген
11	Әбдірахманов	21	-	-	-	-	Әкесі мен қарын-дастары аштан өлген

*Ескерту: Актінің бірінші бетінде мынадай бұрыштама согылған: іс прокуратурага тапсырылды, көрсетілген қазақтардың барлығы № 6 баракқа орналастырылып, азық-түлікпен жабдықтауга алынды.*

*23.03.1933 жыл.*

*(Колы анық емес).*

*(Ш.К. облыстық архивінің Лениногор филиалы 40 қ. 283 т. 181-183 беттер).*

Мұндай жағдайлар туралы «Жұмысшы» да, өсіреле оның редакторы біршама батыл жазды. «М» деген псевдониммен (21.XI.31) жазған Мақсұттың «Ұлы орысшылдық па, жергілікті ұлтшылдық па?» деген материалында ол: «Атқора атышулы атанып тұр. Атақты жұмысын жолға қойып, үлгілі, өнегелі іс істегендіктен алып отырған жоқ. Тентектіктен, тәбелескіштіктен алып отыр. Алауыздықтан, ұлт алакөздігінен алып отыр, дей келіп, өзінің дәлелдерін келтіреді: «Қазақ» дегенде Бордюков, Тетериковтардың қаны қас. «Сынықтан сылтау» тауып аты қазакты сабауға уәде байласады. Құмартқан ұлы орысшылдарға Жақсылықұлы тап болады... деп, Жақсылықұлын жазықсыз үрған орыстарға қазақ жігіттері қарсы шығып, арты үлкен тәбелеске ұласқандығын жаза отырып, «ендігі міндет прокурордікі, бақылау комиссарынікі» деп түйіндейді.

«Мамандығына қарай дұрыс пайдалану керек» (12.XII.31 ж.) деген мақаласында да Мақсұт «8-горизонт, күнбатыс З-забойда Мұқашұлының тобы бар. Бұл топтағы жұмысшылардың барлығы да ысылған маман, ескі жұмысшылар... алайда оларды тапсырмаларын орындаған соң қайдағы лас, қосалқы жұмыстарға жұмсайды» дей келіп, «онбасы Коваленконікі солшылдық, ұлы орысшылдық. Өндіріске кеселін тигізгендік. Тергеу салуын сұраймыз» деген тұжырым жасайды.

Сол жылдардағы «Жұмысшының» беттерінен атқорадағы қазактардың үрлықтары, кетіп қалған жесірін қуып барып таяққа жыққан жігіттердің сотқа тартылуы, сырқаттанған әйелін ауруханаға емес бақсыға емде тіп әйелінен айырылып қала жаздаған ағайынның қараңғылығы жайлы әлеуметтік-тұрмыстық өмірдің де сан қырын оқуға болады. Бейімбеттің қыр әңгімелеріне үқсас оқиғасы күлкі тудыратындай, тілі шебер жазылған мұндай шағын мақала, әңгімелерден «Жұмысшының» өндірістен келген журналистерінің де өжептөуір шындалып қалғандығын, шеберліктерін арттыра түсіп келе жатқандығын аңғаруға болады. Мұндағы тілшілер ауық-ауық қысқа мерзімді курстарға, тәжірибе алмасуға жіберіліп, ал Бейсек Исабеков сынды талантты жастар Коммунистік журналистика институтына оқуға жіберіліп тұрды. Әрине, қаламының желі бар жастардың ең бірінші оқытушылары газет редакторы Тайшыбаев еді. «Бій кісіге бій ат бейме!» деген оның шағын ғана сын мақаласы өзі оқыған болса да «құдайдың құлағын үстап жүргендей пан, өркөкірек, ешкіммен тіл таба білмейтін дөрекі, «р»-ды айта алмайтындағы тілінің мүкісі бар, Үлкен Риддер тресі транспортты бастығының орынбасары Қатпаевты «өлтіріп салады»:

Тобаищи не изиешаю»

«Мен бұйырамын», «Мен бермеймін!», «Мен істепеймін!».

Осы сөздер Қатпаевтың арғы атасынан үрпаққа қалған сөзі сықылды. Шынында да Қатпаев бір бөлек, совет азаматының ісі бір бөлек сияқты» дей келіп бір жұмысшының сөзін келтіреді:

Өз ісімізді баяндаң, жол-жоба сұрасақ, «тобаиши, дойақсындай!» деп жерге бір түкіріп, кете барады. Ертеңінде Риддерден Үлбіге шақырып алады да: «Сен Иван Иванычтың өдірісін білесің бе?» деп сұрайды. 25 келеметір жерге ат қинап шақыртып алғандағы айтатыны осы...

Тайшыбаевтың өте-мөте көбірек жазғаны қандастарының жағдайы, оларды кемсіту, қорлауды көре тұрып ашына ара түсі еді. Оның мұндай батылдығы бірте-бірте жинала, қордалана келе өзіне қарсы оқ болып атылатынын сұңғыла санасымен сезсе де, «ұлы халықтың» өзінің бауырларына көрсетіп отырған өділетсіздіктеріне тәзе алмады. Ол «**Сталиннің 6 шарты мұлтіксіз орындалатын болсын**» (1932 ж. 1-қаңтар) деген мақаласында «Сталин нұсқауының бірі жұмысшылар түрмисі. Ал 6-баракқа (қазақтар тұратын. А.К.) декабрьдің 20-сынан бастап от жағылмаған, өйткені отын жоқ, есік-терезе ондалмаған. Барак комитеті бұл жағына көніл бөлмейді... Жұмысшыларды (қазақтарды. А.К.) тұрақтандыру Сталиннің 6 шартының бірі. Бұл міндетті атқару туралы қалалық партия комитетінде директива сан рет болған. Бұл міндеттерді Тау цехының бастықтары атқара алмай отыр» деген сағым саясатты қалқан ете сын айтса, «**Тентегімнен мәнтөрім, мәнтөрімнен милитсиям сорақы**» (1931 ж. 25-ноябрь) деген фельетонында «аға ұлттың» көпе-көрінеу басынған бейбастактығын жазады:

«Үйде пеш жоқ болғандықтан Ыбрайдың қатыны қыскы боранда, желден ық болсын деп жарқабақ астында қазанға тамақ істеп жатқанда екі орыс жігіті оған тас атып, тамақты алып кетпек болады. Сол кезде бес жұмысшы қазақ жұмыстан келеді де аналарды ұстап алады. Осы арада Голдин деген милиционер килігіп, оқпен атып қатынның қазанын жарып, ана екеуін босатып жіберіп, бес қазақты өкеліп абақтыға тығады.

Голдиннің қырсығынан бес жұмысшы үш күн жұмыстан қалады, екі күн абақтыда отырады. Баракқа барып мылтық атып, өз міндеті емес өкімшілік шегінен шығып жұмысшыларды алдына салып айдаса, өкімшілік бөлімінің ұлы орысшылдары бұзықпен бұзық болып жазықсыздарды тұтқынға алып отыр...»

Бұл сорақылар жұмысшыларды қамаған қаранды үйге өздері қамалуы керек. Кеңестің төңкеріс занымен аяусыз сыбағаларын алулары керек.

М. Тайшыбаевтың сын садағынан қатардағы қызметкерлер ғана емес, лауазымды басшылар да қалыс қалған жоқ. Оны Мақсұттың өзі облыстық партия комитетіне жазған бір түсініктеме-арызында былай деп жазады:

1. Таганский мен Духановтың (Риддер қалалық партия комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы мен хатшысы. А.К.) қателерін сынап «Социалистік Қазақстанға» фельетон жаздым. Ол жөнінде өлкелік комитеттен өдейі кісі келді, тексерді. Духанов содан кейін «Дотацияны газетінен аларсың» деп ашық айтты. Духановты, Беберді мактап отырған «Риддерский рабочий» сағат, 1000 сом сыйлық беріп тұрып, «Жұмысшы» мені тағы сынай түссін», деді.

1936 жылы «Риддерский рабочий» 4000 сом көмек бергенде де «Жұмысшыға» бұрынғы өкпесін айтты.

2. Партияға, өкіметке жат адамдармен байланыс жасағанын, нешетүрлі қателікті жазғанымда Біріккен завод-кен комитетінің бастығы Коротенков та отырып: «Сені буындырып өлтірем, неге жаза бересің» деп тұра жүгірген. Бір жыл бойы «Жұмысшыға» беретін қаражатын «Риддерский рабочийға» берген. Тұсті метал одағы Орталық комитеті жіберген 2000 сом ақшаны «Жұмысшыға» мүлде бермей қойып, Крылов келгенде алып берген.

3. Қалалық Советтің бұрынғы бастығы Аскаров «Сынайсың газетінде, облыстық атқару комитетіне неге жаздың» деп, қалалық советтің үйінен «Жұмысшыны» көшіріп жіберем деп кеңсенің үстелін, жәшігін көшеге шығарып, қыйраттырып тастаған.

Сонда өзара сынды большевикше қабылдаған Таганскийді ғана көрдім, ол қысым жасамады.

Риддердің бүгінгі басшыларының қай-қайсысы болса да жарасын ашып сынай бастасаң тұра жармасады. Бас араздыққа апарғысы келеді.

Алайық: а) «Социалистік Қазақстанның» 1936 жылғы 9-сентябрінде қалалық комитеттің троцкистерге, зиянкестерге либералдық жасап отырғанын сынаған менің мақалам шықты. Оны кім жақтырды?

б) «Екпіндіде» Бекмұхамбетовтың оқушыларға жат теорияны оқытып жүргенін жаздым. Қалалық комитеттің оны қарамағанын жаздым. Трофимов шақырып алып «Сен үлтшылсың» деді.

в) Келгенде «құрығымды» асыра сілтеуімді айттың деп Курицин (Риддер қалалық партия комитетінің кейінгі бірінші хатшысы. А.К.) әлі өкпелі. Ол большевиктік өкпе емес. Курицинді екі жерде түзеттім: алғашында ол Ульбаның парткомына бағынатын «Уставты» бастауыш үйім құрмақ болды. Мен оны теріс, уставқа сыймайды дедім. «Сен не білесің» деп тыңдамады. Ақыры облыстық комитет ол қаулыны бұзып, Курициндікі қате деп тапты.

г) Ол обкомға «Туорышев жоспарын 2000% орындал шықты» деп рапорт берді. Мен «Туорышев емес, орындаған Братишкин» дедім. Ол алдында үрысып, артынан өзінің қатесін түзетті.

Духанов, Таганский, тағы басқалардың теріс басшылығын, Риддердегі зиянкестік істерді 1935 жылдың орта кезінде-ак сан рет «Социалистік Қазақстанға» жазғанмын. Менің материалым бойынша Өлкелік бақылау комиссиясынан келіп тексерген. Бұл жөнінде «Социалистік Қазақстанның» сол күндеңі редакторы Фабит Мұсіреповке айқын. Ол куә.

«Жұмысшының» редакторы М. Тайшыбаевтың мұндай сындары, әрине, көптеген беделді адамдардың «салмағын женілдетіп», қандарын қайнатқаны анық. Осындай жекелеген материалдардан жинала келіп, Риддердегі НКВД бастығы Константиновтың «қара тізіміндегі» Тайшыбаевтың мойнына қояр айыппар үлғая тұсті. Мұндай ашық айыппен, Мақсұттың сонына шырақ алып

түсү 1937 жылғы 19-қаңтарда Риддерде өткізілген қазақ активінің жиналысынан соң ашық жүргізілді.

Соңынан НКВД-ның ұсынысымен арнайы тексеру жүргізген бес адамдық комиссия бұл жиналыс туралы мынадай қорытынды жасады: «Қазақ активін» үйымдастыруши қалалық партия комитетінің бұрынғы екінші хатшысы Қапсұлтан Сүйіншалин болды. Және бұл актив ең алдымен ұлыдержавалық шовинизммен күресу бағытын ұстанды. Мұнда баяндамалар жасаған Мадалиев (комбинат директорының орынбасары), Сүйіншалин, Толыбаев (қалалық партия комитетінің нұсқаушысы), Тайшыбаев (барлығы халық жауы) Риддерде қазақтар санының азайып бара жатқандығы, қазақтарға қысым көрсетілуі, олардың біліктілігін өсіруіне мүмкіндік жасалмауы сияқты ұлттар арасына от жағу мақсатын көздеген, әдейі бүрмаланған фактілер, нақты цифrlар және мысалдармен өңгімеленді».

(ШҚОМА, қ-130, т-17, іс-8)

Бұл жөніндегі шу обкомға, өлкелік комитетке, тіпті «Правда» газетіне дейін жетті. Осыдан аз ғана уақыттан соң, ақпан айында өткен БК(б)П-ның Өлкелік комитетінің VII пленумы «Ұлтшыл элементтер контрреволюцияшыл троцкистердің, фашистердің тұра одактасы және жапон империализмінің агенті екендігін әрбір коммунист, әрбір комсомолец пен әрбір еңбекші ұғынуы керек» дегенді шегелей айтып «Қазақтың контрреволюцияшыл ұлтшылдығына және соған қарай ауа жайылған уклондарға қарсы ұнемі және мейлінше мықтап күресуге барлық көңілді бөлуді партияның барлық үйымдарына» мықтап міндеттеді. Бұл алдымен жайлап басталған құғын-сүргін ызғарының бірте-бірте «қызыл қырғынның» бет қаратпастай қара дауылына айнала бастаған кезі еді. 1937 жылдың ақпан-наурыз айларында партияның Орталық Комитетінің атақты пленумы болып мұнда «халық жауларын» өшкерелеу мәселесі арнайы қаралды. Жер-жердегі НКВД басқармаларына әрбір тоқсан, әрбір айда қанша «халық жауын» анықтауы тиіс екендігі жөнінде жоспар жасалды...

Мұндай жоспар газеттерден де талап етілді. Оның айқын айғағын «Жұмысшы» газетінің Шығыс Қазақстан облысының партиялық бақылау комиссиясына жолдаған мынадай қатынас хатынан көруге болады: «Сіздің сұрауыңыз бойынша ұлтшылдар туралы «Жұмысшы» газетінің № 2 (5.01.), № 3 (6.01), № 4 (10.01), № 24 (28.11), № 25 (3.03), № 28 (10.03), № 29 (14.03), № 31 (30.03), № 32 (20.03) сандарында басылған материалдарымен бірге редактордың хатын жіберіп отырмыз.

Редактор (қолы) Тайшыбаев.

27.03.37 ж.

Риддер қаласы

(ШҚОМА. қ-130, т-17)

Сол кездегі газет тігінділерін ақтарып отырғанда төбе шашың тік тұрады: бүкіл елді жайлап алған «сатқындар мен шпиондар». Және шпион болғанда қандай қайдағы бір шалғай ауылдағы сауатсыз шалдарға дейін жапон шпионы, тыңшысы, жасырын үйымдардың мүшесі. Сол байғұстардың көпшілігі тірі жапондықты көрмек түгіл, жер бетінде сондай халықтың барын білді дейсіз бе... Және осылардың барлығын «халық жауы» деп абақтыларға тоғытып жатқанда халық дегеніміздің өзі кім болғаны деп таң қаласың.

Әрине, құғын-сүргіннің мойындарына түскен құрығы «қазақ активін» үйымдастырушылардың қол-аяғын матап, күн өткен сайын қусыра тұсті. Олар енді «өз кіналарын мойындарына алып» ақталуға көшті. Олар февраль айының сонында өткен қалалық партия активінде өз «қателіктегі» үшін кешірім сұрады. Мәдалиев пен Тайшыбаевтың өз «кіналары» жайлы газетке жарияланған тәмендегі материалдарынан сол кездегі ахуал жайлы оқырманның өзі ой түйер деген ойдамыз:

### **«Жұмысшы» газетінің басқармасына**

Кинуар айының 19-күні Риддер қалалық партия комитетінің тапсыруы бойынша қазақ активтерінің жиылдысында қалалық партия комитетінің кезектегі жұмыстары, онымен қатар Алтайполиметалл комбинатының 1937 жылғы жоспары жөнінде баяндама істеген едім. Менің істеген баяндамамның қорытындысы «Жұмысшы» газетінің 28-кинуарындағы санында басылып шықты. Ол баяндамамда тәмендегі түрде саяси қателіктер болған:

1. Негізінде қазақ активтерін жекеше жинап алуда Риддер қалалық партия комитетінің бюросы (мен де бюро мүшесінің бірімін) болып саяси қателік істедік. Ерекше қазақ активін бөліп алу, партияның лениншіл интернационалдық тәрбиесін орындау жөнінде дұрыс болып табылмайды. Партия үлтқа бөлінбейтін бірлігі күшті партия. Партияның бұл сықылды принципіне бұл жиылдық қарсы еді. Бұл жиылдық троцкист-контрреволюцияшыл және жапон империализмі агенттері болып саналатын жергілікті үлтшыларға мүмкіндік жол ашады.

2. Мен баяндамада: «орыс шовинизмімен қатар жергілікті үлтшылдықпен күресу керек» дедім. БК(б)П Қазақстан Өлкелік комитетінің VII пленумы шешімі бойынша Қазақтың жергілікті үлтшылдығы нағыз бас қауіптілік болып саналып отыр.

3. Риддер комбинатының өндіріс цехтарындағы механизмдердің сұнұына, бұлінуіне себеп цехтардағы жұмысшылардың механизм техникасын тольк үйренбегендігінен деп дәлелдедім. Онымен қатар цех бастықтарының салақтығына ғана тоқталдым. Бірақ қорғасын зауытындағы авариялардың болып отыруы тап дүшпандарының қолы екендігін баяндамада ашық айттым. Февральдың басынан бері ішкі істер халық комиссариатының зерттеуінің арқасында Риддерде тап дүшпандары Бебер, Марков, басқалар табылып отыр. Бұл факті, шынында жоғарғы айтылған авариялардың дүшпандар қолынан келген зиянкестік іс екендігін анықтады.

4. Советтердің VIII съезі бекіткен Сталиндік Конституциясында, Қазақстан одактық республикалардың қатарына қосылды. Баяндамада Қазақстанның Одақтас республикаға айналуы жөнінде ерекше саяси маңыз беруімен қатар Сталиндік Конституциясының саяси маңызын ұғынуды айрықша күрделі ұлы міндетіміздің бірінен екендігін толық көрсетпегенмін.

5. Риддердегі жалпы жұмыстарының кемшілігіне тоқтай келіп, әсіресе қазақ жұмысшылар арасында, сонымен қатар партия орындарының кезектегі саяси тәрбие жұмыстары жөнінде мен ерекше қазақ жұмысшыларына тоқтадым. Бұл істі орындау қазақ активінің кезектегі міндетінің бірі дедім. Бірақ бұл жердегі менің істеген қатем: партияның ұлы міндеті интернационализм тәрбиесін жүргізу екендігіне партияның ұлтқа бөлінбей істейтіндігіне айрықша маңыз беріп тоқтамағаным. 27-28-февральда болған Риддер қалалық партия активінің жалпы жиылдысында жоғарғы істеген қателіктерімді ашық айтЫП, келешекте іс жүзінде түзеуді міндетіме алдым.

Есенәлі Мәдалиев.

### «Жұмысшы» газеті басқармасынан

Мәдалиев жолдастың баяндамасын қысқартып газетіміздің 28-кинуар күнгі 11-санында басқанбыз. Бұл қателікке түгелімен біз де ортақпыз. Бұл революциялық қырағылығымыздың өте төмендігін дәлелдейді.

Сол жиылда болған Толыбаев сықылды ұлтшылдардың пікірін ашудың орнына негізінен саяси қаталы баяндамаға гәzetіміздің бетінен орын бердік.

Бұл қаталығымыз жөнінде Риддер еңбекшілер көпшілігі сынап өздері көрсетті.

Бұл қаталығымызды әлі де болса көпшілік ортасында талқылап, түзеуге, ісімізге сабак етуге уәде береміз.

«Жұмысшы» газетінің редакторы М. Тайшыбаев.

(3.III.1937 ж. «Жұмысшы»)

Қанша акталғанымен бұл кезде Риддердегі аса қауіпті 20 коммунист «халық жауларының» қалалық партия комитетіндегі қара тізіміне өздерінің ірі бай тұқымынан шыққандықтарын жасырғаны және ұлтшылдық насихаттары үшін Тайшыбаев пен Бекмұхамбетов мықтап ілінген еді (ШКОМА. қ-130, т-15, іс-10).

Мақсұт 1937 жылғы 14-мамырда өткен қалалық партия конференциясында қалалық комитет мүшелігіне өтпеді, тегі бай, кезінде партия қатарынан шығып қалып, Риддерге қашып келіп, «алдал» редактор болған, Толыбаев, Бекмұхамбетов сияқты ұлтшыл, троцкист, фашизм агенттерімен ауыз жаласқан деген сияқты айыптаулар қарша борап, шығармашылығы жайына қалып, қарақан басын қорғаудың қамымен жан-жаққа арыз-шағымдар жазумен айналысады. Оның үстіне өкпе ауруы асқынып, мұлдем жүдеу күйге туседі.

«Жығылған үстіне жұдырық», енді Риддердің «Жұмысшысы» мен оның редакторын өлкелік газеттер жұдырықтың астына алады.

1937 жылғы 6-июльде «Социалистік Қазақстанда» «Партиялық беті жоқ газет және оның редакторы» деген мақала жарияланады. Оның қысқаша үзіндісі мынандай:

«Риддерде шығатын «Жұмысшы» газетінің март, апрель, май айларындағы нөмірлерінде троцкисшіл-зиновьевшіл элементтерге, олардың жалдама агенті контрреволюцияшыл қазақ ұлтшылдарына, бұлардың Риддердегі қалдықтарына қарсы жазылған өткір мақалалар көре алмадық. Кейбір ұсақ хабарлар ғана басылған. Оның өзі де бір-екеу ғана және бұл хабарлар партия бұқарасы мен қалың көпшілікті жауларға қарсы күреске шақыратын, жауды өшкереуге жұмылдыратын, қырағылығын арттыратын саяси өткір болып шықпаған. Оның үстіне редакцияға түскен хат-хабарлар, түрлі дабылдар бола тұrsa да, оны газеттегілер елең қылмаған. Мән бермеген. Саяси соқырлық істеген.

Риддердің қалалық партия конференциясында Тайшыбаев редакторға отвод берілді. Оған саяси айыптар қойылды. Ол партия комитетінің составына өтпей қалды. Конференция оған берілген отводты дәлелді тауып, оны тез тексерілсін деді. Бұл әлдеқалай болып отырған отвод емес», дей келіп «Тайшыбаев 1929 жылдарда партиядан шыққан, бұл жөнінде ГКП-ға айтылған, алайда қалалық партия комитетінің бұрынғы секретары Таганский мен Сүйіншалин... бұларға мән бермей Тайшыбаевқа жаңадан партбилет берген»...

Одан соң осы тақылеттес «Поучительная история» деген материал «Казахстанская правдада» жарияланады. Сол июль айының сонында «Өшкереңген редактор және оның шашпауын көтерушілер» деп «Социалистік Қазақстан» Тайшыбаевты қайта айналып тағы соғады.

КК(Б)П-ның I-съезі өзінің қаулысында «ұлтшылдарды, алашордашыларды сөз жүзінде жерден алып, жерден салатын, іс жүзінде оларға қарсы күреспейтін, олардың қылығына шектен асқан шыдамдылық істейтін, оларға либералдық ететін, оларды өшкереуге партия үйіміна жәрдем бермейтін адамдар, шынында троцкист-оңшыл контрреволюцияның ұлтшыл агентурасын қолдаушы болады» деп нақты айтқаны бар.

...Мұның өзі Өлкелік партия комитетінің қазақ оқығандарын бір-біріне жамандату, құғын-сүргінге салу науқаны арқылы халықтың интеллектуалды құш-қуатына жасап жатқан зорлық-зомбылығының бетін бүркеу амалы болғанын енді ғана анғарып отырмыз. Ал айтысуышылар да, қостаушылар да бұл науқанның арты неге апарып соқтырарын анғара алмады... Өз орталарынан қандай дарын аласталып жатқанына мән бермей, ойланбай тарта беруі, Өлкелік партия комитетінің қазақ зиялышарының, өсіреле ақын-жазушыларын берекесіздендіру саясаты екенін түсінбегендері қайран қалдырады...»

(Т. Кәкішев. «Кер заманның керебар ойлары», 91-б.).